

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1353 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 1353 қаулысымен

бекітілген

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Үлгі ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - мектепке дейінгі ұйымдар) қызметінің тәртібін анықтайды. Z070319

2. Мектепке дейінгі ұйым - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимы.

3. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз етеді.

4. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

5) бес (алты) жастағы балаларды мектепалды даярлаумен қамтамасыз ету;

6) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау;

7) мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмекті ұйымдастыру.

5. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Зандарын осы Ұлгі ережені, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады. Z020343 , Z020345

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері және оларды жинақтау

6. Мектепке дейінгі ұйымдар мыналарға бөлінеді:

1) тәрбиеленушілердің жас құрамына қарай:
бір жастан үш жасқа дейінгі балаларға арналған балалар ясли;
үш жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларға арналған балабақшалар;
бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларға арналған ясли-бақшалар;

2) м а қ с а т ы б о й ы н ш а :

жалпы дамытатын үлгідегі: ясли-бақша, жалпы үлгідегі балабақша тәрбиеленушілерді дамытуды (дене, зияткерлік, эстетикалық және т.б.) бір немесе бірнеше бағыттарда басым жүзеге асыратын мектепке дейінгі оку-тәрбие о р т а л ы ғ ы ;

түзеу үлгісіндегі: ясли-бақша, дене және психикалық дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған балабақша (сөйлеу, көру, есту, интеллекті, тірек-қозғалыс функциялары ауыр және жеңіл бұзылған, психикалық дамуы шектеулі және т.б.), санаторийлік балабақша (бастапқы туберкулез инфекциясы білінген, туберкулездің кішігірім және басылып келе жатқан нысандарымен ауыратын, жиі және ұзақ ауыратын балаларға арналған және т.б.);

құрама үлгідегі (жалпы даму және түзеу сипатындағы функцияларды қоса атқаратын ясли-бақша, балабақша).

Мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа үлгілері мен құрылымдары: білім беру ұйымдары базасындағы мектепке дейінгі шағын орталықтар, "балабақша-мектеп" кешендері , үйдегі балабақша және т.б. болуы мүмкін;

3) жұмыс режимі бойынша: күндізгі, тәулік бойы, икемді режимді.

7. Мектепке дейінгі ұйымдар мемлекеттік және жеке меншік болуы мүмкін.

8. Мектепке дейінгі ұйымға құрылтайшының жолдамасы, баланың даму тарихынан үзінді көшірме, эпидемиологиялық жағдай туралы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің анықтамасы негізінде бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балалар қабылданады. Мектепке дейінгі түзеу ұйымдарына және мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтарға қабылдау кезінде қосымша психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы беріледі, ал бастапқы туберкулез инфекциясы білінген, кішігірім және басылып келе жатқан туберкулездің нысандарымен ауыратын, жиі және ұзақ ауыратын балаларға арналған санаториялық мектепке дейінгі түзеу ұйымдарына аумақтық емдеу-алдын алу ұйымдарының қорытындысы беріледі.

9. Мектепке дейінгі ұйымға қабылдау үшін өтініштерді есепке алу тәртібін, жолдамаларды ресімдеу мен беруді құрылтайшы анықтайды.

10. Жалпы дамыту үлгісіндегі мектепке дейінгі ұйымға жұқпалы, тірек-қозғалыс аппараты бұзылуының ауыр түрімен ауыратын және ақыл-ой кемістігі бар балалардан басқа, бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балалар қ а б ы л д а н а д ы .

Түзеу жұмысы үшін жағдай жасалған болса, жалпы дамыту үлгісіндегі мектепке дейінгі ұйымға мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдауға болады.

11. Мектепке дейінгі ұйымда топтар бірдей жастағы немесе әр жастағы қағидат бойынша жинақталады.

12. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты және уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

13. Мектепке дейінгі ұйымда баланың орны мына жағдайларда сакталады:

1) бала ауырып қалғанда;

2) бала медициналық, санаторийлік-курорттық және өзге де ұйымдарда емделгенде және сауықтырылғанда;

3) ата-анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде;

4) бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылғанда.

14. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда баланы қабылдау үшін кіру жарналары, сондай-ақ бала мектепке дейінгі ұйымда ұзақ мерзім болмаған немесе қатыспаған жағдайда орынды сақтау үшін төлемақы алынбайды.

15. Басшы құрылтайшының келісімі бойынша баланы мектепке дейінгі ұйымнан мына жағдайларда шығарады:

1) баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбегенде (10 күннен астам);

2) бала дәлелді себепсіз және әкімшілікке ескертпей балабақшаға бір айдан астам келмегенде;

3) баланың мектепке дейінгі ұйымға келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болса.

16. Мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда (түзеу яслилерінде, түзеу балабақшаларында, түзеу ясли-бақшаларда, жалпы дамытатын мектепке дейінгі ұйымдардың түзеу топтарында, "балабақша-мектеп" кешендерінің түзеу

топтарында, санаториялық мектепке дейінгі ұйымдарында және т.б.) баланы ұстау үшін ата-анасынан ақы алынбайды.

17. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардан немесе оларды алмастыратын адамдардан баланы ұстау үшін алынатын ай сайынғы төлемақының мөлшері баланың жасына қарамастан, тамақтандыруға арналған шығындардың 100 пайызын құрайды.

18. Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда баланы ұстау үшін ата-аналардың төлемақысын алу тәртібін құрылтайшы белгілейді.

19. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда бос орындар және алаңдар болған кезде ата-аналардың қаражаты есебінен баланы ұстау құны толық төлене отырып коммерциялық топтар ашылуы мүмкін. Коммерциялық топтар қызметінің тәртібін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган айқындайды.

3. Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс істеу тәртібі

20. Мектепке дейінгі ұйымдар "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және осы Ұлгі ереже негізінде құрылтайшы бекітетін өздерінің Жарғыларын әзірлейді және бекітеді.

21. Мектепке дейінгі ұйымдар:

1) өз Жарғысымен белгіленген функциялардың орындалуын;

2) білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;

3) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын;

4) білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, бейімділігіне, қабілеттеріне, ынталары мен қажеттілігіне сәйкестігін;

5) білім беру процесі кезінде балалардың және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

22. Мектепке дейінгі ұйымдар меншік нысандарына қарамастан, мемлекеттік жалпыға міндettі мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шет тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етеді. Ұлттық топтар үшін олардың ана тілдерін оқып-үйренуіне жағдай жасалады, ал олар жинақы тұратын жерлерде олардың тілдерінде тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдар немесе топтар құрылуды мүмкін.

23. Мектепке дейінгі ұйымдар бағынысына үлгісі мен меншік нысанына қарамастан, балаларға тұрақты медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, оны мектепке дейінгі ұйымның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті денсаулық сақтау ұйымының штатына кіретін медициналық қызметкерлер жүзеге асырады.

24. Мектепке дейінгі ұйымдар белгіленген тәртіппен білім беру, сауықтыру және өзге де сипаттағы қосымша ақылы қызметтер көрсете алады. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандартында айқындалған негізгі білім беру, сауықтыру және өзге де қызметтерді қысқартуға және сапасын төмендетуге қатаң тыйым салынады.

25. Мектепке дейінгі ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тамақ өнімдерін тұтыну нормаларын ескере отырып балаларды үйлесімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды тамақтандыру жұмыс режимін ескере отырып ұйымдастырылады, оның берілу саны Жарғымен айқындалады.

26. Шағын участкеде тұратын отбасыларды және балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар консультациялық пункттердің жұмысын қамтамасыз етеді.

27. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының, деңгей мен сапасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндettі мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкестігін анықтау үшін аудандық (қалалық) білім беру органдары мектепке дейінгі ұйымдарды мерзімділігі бес жылда бір рет мемлекеттік

аттестаттауды жүргізеді. Жаңадан құрылған мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттау үш жылдан кейін өткізіледі.

28. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттары негізінде құрылады. Алқалық басқарудың нысандары мектепке дейінгі ұйымның кеңесі, педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңесі болып табылады. Кеңестердің жұмысын ұйымдастыру ережелерін, оларды сайлау тәртібін қоса алғанда Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органды бекітеді.

29. Мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқаруды мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшы тағайындаитын басшысы жүзеге асырады.

30. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы:

1) мектепке дейінгі ұйымның атынан іс-әрекет жасайды, барлық мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда, кәсіпорындарда оның мұддесін білдіреді;

2) қаражаттарды басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенім хаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;

3) өзінің құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің орындауы міндettі бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;

4) кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару құқығын пайдаланады;

5) белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі ұйымды және қызметшілерді аттестаттауды жүргізуі ұйымдастырады, аттестаттау нәтижелерін кадрларды орналастыруда ескереді;

6) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты және санитарлық-гигиеналық нормалар талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды;

7) балалардың мұдделерін, отбасының қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;

8) бекітілген шағын участекер шегінде 0-ден 7-ге дейінгі жастағы балаларды дербес есепке алуды ұйымдастырады;

9) баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен, тәрбиелеу білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен және өзге де қабылдау және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады;

10) мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мұліктің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

11) заңнамада белгіленген тәртіппен мыналар :

мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін, қызметшілерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны ;

өзінің құзыретіне жататын функцияларды орындамағаны ;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын орындамағаны ;

мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен қызметшілерінің оқу-тәрбие процесі барысында өмірі мен денсаулығы ;

қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды нысаналы пайдаланбағаны үшін жауап береді.

4. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі

31. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбиенің, оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде өзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен айқындалады.

32. Мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тиімді тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және дene мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) педагогтарға баламалы авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

33. Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру міндеттерін тиімді шешу үшін педагогикалық кеңестер құрады.

34. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі субъектілері балалар, ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар, тәрбиешілер және басқа да педагогтар болып табылады.

35. Тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйымдағы әр балаға мыналарға кепілдік беріледі:

1) оның өмірі мен денсаулығын сақтау;

2) оның қадір-қасиетін қорғау;

3) дene, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;

4) оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;

5) сапалы мектепалды даярлау;

6) дамуындағы кемшіліктерді түзеу үшін білікті көмек алу;

7) бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

36. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын Шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.